

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 17 маусымдағы № 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 шілдеде № 9626 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 410 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2015 № 410 бұйрығымен.**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 12-тармағына, «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жолдасын;

3) ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің веб-сайтына орналастырсын.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Т.С.Мұхтаровқа жүктелсін.

4. Бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*С. Ахметов*

*« К Е Л І С І Л Д І »*  
*Қазақстан Республикасының*  
*Білім және ғылым министрі*  
*А . С ә р і н ж і п о в*

*2014 жылғы 25 маусым*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2014 жылғы 17 маусымда  
№ 256 бұйрығымен  
бекітілген

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидалары 1. Жалпы ережелер**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына (бұдан әрі – әскери оқу орындары) кандидаттарды қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Әскери оқу орындарына оқуға түсу үшін әскери қызметшілер қатарынан кандидаттарды іріктеуді әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) жүзеге асырады.

3. Іріктеу білім беру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымдық бөлімшесі жыл сайын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау жылының алдындағы жылдың 20 желтоқсанында әзірлейтін және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін мамандықтар тізбесіне және әскери оқу орындарына қабылдау жоспарына (бұдан әрі – қабылдау жоспары) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына

осы Қағидалардың талаптары негізінде Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының офицерлері қабылдау жоспарында айқындалған орындар санына сәйкес қабылданады.

4. Қабылдау жоспарынан үзінділер оны бекіткеннен кейін онда көрсетілген әскери бөлімдер мен мекемелерге жеткізіледі.

5. Қабылдау жоспарынан үзіндіні алғаннан кейін әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлері (бастықтары) осы Қағидаларға сәйкес әскери қызметшілерді әскери оқу орындарына қабылдау тәртібі туралы хабардар ету жөнiнде жұмыс жүргізеді.

6. Магистратура мен докторантураға түсу емтихандары 10-20 тамызда, қабылдау – 25 тамызға дейін жүргізіледі.

## **2. Магистратураға, докторантураға құжаттарды қабылдау және оқуға түсу емтихандарын өткізу тәртібі**

7. Әскери оқу орнына түсуге ниет білдірген кандидат оқуға түсетін жылдың 1 ақпанына дейін әскери атағын, тегін, атын және әкесінің атын (болған кезде), атқаратын лауазымын, туған күнін, білім деңгейін, оқуға ниет білдірген әскери оқу орны мен мамандығының атауын көрсете отырып, командирдің (бастықтың) атына баянаты береді.

8. Кандидаттар алдын ала кезеңде кәсіби іріктеуден өтеді.

9. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) алдын ала кәсіби іріктеу қорытындылары бойынша оң аттестатталған және әскери қызметке жарамды деп танылған кандидатқа осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әскери оқу орындарына түсу үшін қажетті құжаттар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көрсетілген құжаттарды жинау және ресімдеу үшін уақыт береді.

10. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) жоғары тұрған қолбасшылықтың және әскери оқу орындары қабылдау комиссияларының қарауы үшін кандидаттың баянатын және Тізбеде көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша оқуға түсу үшін іріктелген кандидаттардың тізімдерін және әскери қызметшілерге арналған кәсіби іріктеу карталарын жолдайды.

11. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін қамтитын кандидаттардың оқу істері әскери оқу орындарының қабылдау комиссияларына 10-30 шілде кезеңінде ұсынылады.

12. Кандидаттардың оқуға түсу емтихандарын тапсыру үшін әскери оқу орындарына келуі білім беру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі құрылымдық бөлімшесінің шақыруы негізінде жүзеге асырылады.

13. Магистратураға жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген, қажетті іскерлік қасиеттеріне ие және кезекті жылы оқуға жіберу үшін офицерлер құрамының резервінде тұрған офицерлер қабылданады.

Бейіндік бағыт бойынша магистратураға (басқарудың жедел-тактикалық деңгейі) мынадай лауазымдардан офицерлер қабылданады:

лауазымда кемінде үш жыл қызмет өтілі және Қарулы Күштерде кемінде 10 жыл еңбек сіңірген жылдары бар батальон, дивизион, эскадрилья командирлері, үшінші дәрежелі корабль дивизиондарының командирлері, олардың орынбасарлары, бригада (база) қызметтерінің бастықтары және оларға тең және одан жоғары.

Ғылыми және педагогикалық бағыттар бойынша магистратураға әскери оқу орындарының (бөлімдердің) оқытушылары (ғылыми қызметкерлері) және оларға тең және одан жоғары лауазымдардан офицерлер қабылданады.

Әскери және мемлекеттік басқару мамандығы бойынша магистратураға (басқарудың стратегиялық және жедел-стратегиялық деңгейлері) өңірлік қолбасшылықтардың (әскер тектерінің) басқарма бастықтары және оларға тең және одан жоғары лауазымдардан әскери академияларда және әскери университеттерде оқуды бітірген офицерлер қабылданады.

14. Оқуға түсетін жылы әскери оқу орындарында кандидаттардың оқу істерін зерделеуді жүзеге асыратын қабылдау комиссиялары құрылады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы әскери оқу орнының бастығы болып табылады.

Одан басқа, қабылдау комиссиялары:

1) кандидаттарды медициналық куәландырудан өткізуді;

2) оқуға түсу емтихандарын өткізуді;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери оқу орындарына қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту хаттамасын ресімдеуді жүзеге асырады.

15. Магистратураға және докторантураға түсу үшін қабылдау комиссиясының құрамы жыл сайын әскери оқу орны бастығының бұйрығымен айқындалады.

16. Магистратураға, докторантураға қабылдау осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Пәндер тізбесінде көрсетілген оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады:

1) мамандық бойынша;

2) дене дайындығы бойынша (магистратураға түсетіндер үшін);

3) таңдау бойынша шет тілдерінің бірі бойынша (ағылшын, француз, неміс; осы тілдерді білуді талап ететін мамандықтарға түсетін кандидаттар үшін араб, қытай, парсы тілдері бойынша).

Магистратураға, докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде

мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары құрылады.

Мамандықтар бойынша емтихан комиссияларының құрамдары әскери оқу орны бастығының бұйрығымен бекітіледі.

17. Магистратураға түсу емтихандарының бағдарламалары жоғары білім берудің пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде қалыптастырылады.

Докторантураға түсу емтихандарының бағдарламалары магистратураның кәсіптік оқу бағдарламалары негізінде қалыптастырылады.

18. Магистратураға, докторантураға қабылдау үш негізгі кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезеңде – қабылдау комиссиясы кандидаттардың оқу істерін зерделейді және медициналық көрсеткіштер бойынша іріктеуді жүргізеді;

екінші кезеңде – осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пәндер тізбесі бойынша және мамандық бойынша емтихан комиссиясының хаттамасын жасай отырып, оқуға түсу емтихандарын тапсыру өткізіледі;

үшінші кезеңде – қабылдау комиссиясы медициналық іріктеу және оқуға түсу емтихандарын тапсыру нәтижелері бойынша магистратураға, докторантураға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

19. Докторантураға медициналық куәландыру және дене дайындығын тапсыруды қоспағанда, Пәндер тізбесі бойынша түсу емтихандарын тапсыру негізінде және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандық бойынша емтихан комиссиясының хаттамасын жасай отырып, «магистр» академиялық дәрежесі, «ғылымдар кандидаты» ғылыми дәрежесі бар немесе әскери мамандықтар бойынша (басқарудың жедел-тактикалық буынының деңгейі) әскери академияларда және университеттерде оқуды бітірген офицерлер қабылданады.

20. Шет тілдері бойынша оқуға түсу емтихандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша жүргізіледі.

Жалпыеуропалық шет тілін меңгеру біліктілігіне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар кандидаттар мынадай емтихандар бойынша шет тілінен магистратураға және докторантураға түсу емтихандарынан босатылады:

ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP – кемінде 460 балл), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBP, өту балы – кемінде 87 балл), (TOEFL, өту балы – кемінде 560 балл), International English Language Tests System (IELTS, өту балы – кемінде 6.0);

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/

C1 деңгейі), Test DaF-Prüfung (Niveau C1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Français International<sup>TM</sup> (TFI – оқу және сөйлеу секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), Diplôme Approfondi de Langue française (DELAF, B2 деңгейі), Diplôme Approfondi de Langue française (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 400 балл).

Әскери оқу орнының емтихан комиссиясы араб тілінен емтиханды ауызша немесе жазбаша түрде әскери оқу орнының бастығы белгілеген және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тәртіпке сәйкес өткізеді.

21. Дене дайындығы бойынша баға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес дене дайындығы пәні бойынша оқуға түсу емтиханының бағдарламасына қойылатын талаптарды ескере отырып айқындалады.

22 Оқуға түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді, медициналық көрсеткіштер бойынша қайта іріктеу жүргізілмейді.

Әскери оқу орнында қабылдау комиссиясы жұмыс істеу кезеңінде шағымдарды қарау үшін апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссияның құрамы әскери оқу орны бастығының б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л е д і .

Апелляциялық комиссиялар оқуға түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспейтін кандидаттардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

23. Апелляциялық комиссия емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша магистратураға және докторантураға түсетін кандидаттардың өтініштерін қабылдайды және қарайды.

24. Апелляциялық комиссия мамандық бойынша оқуға түсу емтиханының нәтижелерін апелляцияға берген кандидатқа балл қосу туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Апелляциялық комиссия шет тілдері бойынша апелляцияны қарау нәтижелерін республикалық апелляциялық комиссияға береді.

Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде шет тілдері бойынша оқуға түсу емтихандарының нәтижелерін апелляцияға берген кандидатқа балл қосу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

25. Магистратураға және докторантураға түсетін кандидат апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер оқуға түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия оларды өтініш берген күннен бастап б і р кү н і ш і н д е қ а р а й д ы .

Апелляциялық комиссия әрбір кандидатпен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Егер кандидат апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға өтініші қаралмайды.

26. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген кандидат жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

27. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы комиссия төрағасы және оның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

### **3. Магистратураға және докторантураға қабылдау**

28. Әскери оқу орнына оқуға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әрбір емтихан үшін 100 балдық бағалау межелігі бойынша оқуға түсу емтихандарының сомасы бойынша магистратура үшін кемінде 225 балл, докторантура үшін кемінде 150 ең жоғары балл жинаған кандидат қабылданады.

Қабылдау кезінде конкурстық балл көрсеткіштері бірдей болған жағдайда басым құқыққа магистратура үшін мамандығы, дене дайындығы және шет тілі бойынша анағұрлым жоғары бағасы бар, докторантура үшін – мамандығы бойынша анағұрлым жоғары бағасы бар кандидаттар ие болады.

29. Қабылдау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерін қабылдау туралы бұйрықтан үзінді олардың ведомстволарына жеткізіледі және оқуға қабылданған әскери қызметшілерді әскери оқу орнына жіберу үшін негіз болып табылады.

Қабылдау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін әскери оқу орнының бастығы білім беру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымдық бөлімшесіне жүргізілген әскери қызметшілерді қабылдау туралы есеп беруді ұсынады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Келісілді                      Бекітемін

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Қазақстан Республикасының

министрінің орынбасары Қорғаныс министрі  
20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

## Мамандықтар тізбесі және қабылдау жоспары

Р/с №	Мамандықтың атауы	Қабылдау жоспары			ЖИЫНЫ
		барлығы	оның ішінде		
1.			ҚР ҚМ, БШ, ҚК құрылымдық бөлімшелері	басқа да әскерлер мен әскери құралымдар	шетел мемлекеттері
ЖИЫНЫ					

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына 2-қосымша

## Әскери оқу орындарына оқуға түсу үшін қажетті құжаттар тізбесі

- 1) № 8/ЖІ үлгісіндегі анықтама;
- 2) офицердің өзі толтырған сауалнама;
- 3) көлемі 4,5x6 сантиметр алты фотосурет;
- 4) әскери қызметшінің өмірбаяны (бұрын оқыған шет тілін көрсете отырып);
- 5) әскери оқу орындарына оқуға ұсынымы бар әскери қызметшінің қызмет орнынан қызметтік мінездемесе (әскери бөлім қолбасшылығының қолы қойылған және елтаңбалы мөрмен куәландырылған);
- 6) шет тілінен тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған кезде);
- 7) тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді;
- 8) нотариат растаған білімі (қосымшасымен) және/немесе (доктор) ғылым кандидаты туралы (бар болған кезде) дипломның көшірмесі;
- 9) қызметтік карточканың көшірмесі (бөлім командирінің қолы қойылған және елтаңбалы мөрмен куәландырылған);
- 10) жеке куәліктің көшірмесі;
- 11) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған кезде);
- 12) жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі (докторантураға түсетіндер үшін):  
оқуға кандидаттың тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), арнайы



а т а ғ ы ,

л а у а з ы м ы ;

отандық немесе шетелдік кеңесшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс істейтін әскери оқу орны;

жоспарланған диссертациялық зерттеудің тақырыбы;

жоспарланған диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі;

ғылыми проблеманың зерделену дәрежесі;

жоспарланған диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері;

жоспарланған диссертациялық зерттеудің объектісі мен мәні;

жоспарланған диссертациялық зерттеудің әдіснамасы;

диссертациялық зерттеуден күтілетін нәтижелер, олардың теориялық және практикалық маңыздылығы. Оларды енгізу мен сынаудың болжамды бағыттары;

13) әскери оқу орнына түсетін әскери қызметшінің медициналық куәландыру картасы ;

14) психиатриялық, наркологиялық, тері-венерологиялық және туберкулез диспансерлерінен АҚТВ-ға анықтамалар;

15) нысаны, нөмірі және күні көрсетілген мемлекеттік құпияларға рұқсатнама туралы мәліметтер ;

16) құжаттар тізімдемесі.

Е с к е р т п е :

Жеке басын, білімін куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын, мемлекеттік құпияларға рұқсатнаманың бар болуы туралы мәліметтерді, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредитациялық орталығы берген ғылым кандидатының немесе докторының дипломын, арнайы жоғары білімін (түрлік академиялар мен оларға тең жақын және алыс шет елдерінің жоғары оқу орындары) нострификациялау (мойындау) туралы куәлікті әскери қызметші қабылдау комиссиясына жеке өзі ұсынады.

Жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі компьютерлік техниканың көмегімен көлемі 14 қарпімен (Times New Roman) бір жоларалық арақашықтықпен теріледі, негіздеменің көлемі үш беттен кем болмауы тиіс.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Б е к і т е м і н

---

( л а у а з ы м ы )

---

(қолы, әскери атағы, атының бас әрпі мен тегі)

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

## Оқуға түсу үшін іріктелген кандидаттардың тізімі

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(әскери оқу орнының атауы)  
\_\_\_\_\_ КОМИССИЯСЫ  
(оның жанынан комиссия құрылатын органның атауы)

Р/с№	Тегі, аты, әкесінің аты	Ескертпе
1		
2		
3		

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(қолы, әскери атағы, атының бас әрпі және  
т е г і )

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(қолы, әскери атағы, атының бас әрпі және тегі)

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің  
кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын  
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің  
әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
(әскери оқу орнының атауы)  
\_\_\_\_\_ факультетіне (бөліміне) оқуға түсетін  
**әскери қызметшіге арналған кәсіби іріктеу картасы**

1. Әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) \_\_\_\_\_

2. Туған жылы және айы \_\_\_\_\_

3. Ұлты \_\_\_\_\_  
( қ а л а у ы б о й ы н ш а )

4. Білімі \_\_\_\_\_  
(әскери оқу орнының атауы және бітірген жылы)

5. ҚК-ға шақырылғанға дейінгі лауазымы мен жұмыс  
өтілі \_\_\_\_\_

6. Мемлекеттік наградалары \_\_\_\_\_

7. Сыныптылығы \_\_\_\_\_

8. Спорттық атағы немесе спорттық разряды (спорт түрі) \_\_\_\_\_

9. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде \_\_\_\_\_ бастап

10. Қызмет мерзімі және атқаратын лауазымы \_\_\_\_\_

### Әскери бөлімде (мекемеде) алдын ала кәсіби іріктеу

11. Моральдық қасиеттері \_\_\_\_\_

### 12. Психикалық-физиологиялық тексеру нәтижелері

Әдістеме атауы	Көрсеткіштер	Ескертпе

Психикалық-физиологиялық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды \_\_\_\_\_

### 13. Әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы

### 14. Дене дайындығын тексеру нәтижелері

Тексерілетін жаттығулар	Өлшем бірліктері	Нәтижелер	Бағалары

Дене дайындығының қорытынды бағасы \_\_\_\_\_

### 15. Кәсіби даярлық бойынша тексеру нәтижелері:

Пәннің атауы	Бағасы

### 16. Аттестаттау комиссиясының қорытындысы

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(қолы, әскери атағы, атының бас әрпі және тегі)

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің  
кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын  
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің  
әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына

5-қосымша

Нысан

№ \_\_\_\_\_

**әскери оқу орындарына қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту хаттамасы**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
(толтыру орны) (толтырған күні)

қабылдау комиссиясының отырысы \_\_\_\_\_  
(оның жанынан комиссия құрылатын органның атауы)  
\_\_\_\_\_ қабылдау (қабылдаудан бас  
(әскери оқу орнының атауы)

тарту) туралы

Мынадай құрамдағы комиссия: төраға, төраға орынбасары,  
мүшелері: \_\_\_\_\_

өз отырысында кандидаттарды қарады, зерделеді және қаулы етті

Р/с №	Әскери атағы, Т.А.Ә	Туған күні, айы және жылы	Білімі	Мемлекеттік наградалары	ЖОО-ға түсу кезіндегі лауазымы және онда болу уақыты	әскери қызметшінің әскери атақта болу мерзімі

кестенің жалғасы

Емтихан тапсыру нәтижелері					ЖОО-ға оқуға қабылдау (бас тарту туралы комиссияның шешімі)
мамандық бойынша	Дене дайындығы бойынша (магистратураға түсетіндер үшін)	шет тілі бойынша	Жалпы балы (бағасы)		

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(қолы, әскери атағы, атының бас әрпі және тегі)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(қолы, әскери атағы, атының бас әрпі және тегі)

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына б-қосымша

**Оқуға түсу емтихандары өткізілетін пәндер (сабақтар) тізбесі**

Р/с №	Пәндердің атауы

1	Мамандық бойынша емтихан
2	Дене дайындығы (магистратураға түсетіндер үшін)
3	Шет тілі

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына 7-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша емтихан  
( мамандықтың атауы )  
**комиссиясы отырысының № \_\_\_\_\_ хаттамасы**

\_\_\_\_\_ (толтыру орны)

20 \_\_\_ ж. « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бойынша емтиханды тапсырғаны туралы (пәннің атауы)

Қ а т ы с қ а н д а р :  
мамандық бойынша емтихан комиссиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)  
мамандық бойынша емтихан комиссиясының мүшелері

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)  
№ \_\_\_\_\_ мамандық бойынша емтихан комиссиясы қабылдау комиссиясына мынадай бағалар қоюды қаулы етеді:

Р/с №	Әскери атағы	Тегі, аты-жөнінің бас әріптері	Емтихан билетінің нөмірі	Бағасы (жазбаша)	Ескертпе
1					
2					

Мамандық бойынша емтихан комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірі

\_\_\_\_\_ Мамандық бойынша емтихан комиссиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ (қолы, әскери атағы, атының бас әрпі және тегі)

## Мамандық бойынша емтихан комиссиясының төрағасы мүшелері

(қолы, әскери атағы, атының бас әрпі және тегі)

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің  
кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын  
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің  
әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына  
8-қосымша

### Дене дайындығы пәні бойынша оқуға түсу емтиханының бағдарламасына қойылатын талаптар

1. Ұлттық қорғаныс университетінің магистранттарына кандидаттар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене дайындығы мен жаппай спорттық жұмыстардың мазмұнына, түрлері мен әдістеріне» сәйкес үш жаттығу бойынша тексеріледі: 2, 3 және 4-жас топтары үшін – белағашта тартылу, 100 м және 3000 м жүгіру; 5 және 6-жас топтары үшін – белағашта тартылу, кешенді күш жаттығуы және 1000 м жүгіру.

2. Жаттығуларды орындау кезінде алған балдардың сомасына қатысты пайыздық қамтудағы пәндер бойынша бағалар 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Пән бойынша жалпы балл (үш нормативті орындауды ескере отырып)	Пайыздық қамту	Дәстүрлі жүйе бойынша бағасы	
280 және одан жоғары	100	Үздік	
222	99		
260	98		
250	97		
240	96		
230	95		
220	94		
210	93		
200	92		
190	91		
180	90		
179	89		
178			
177			
176			
175			
174			

173	88
172	
171	
170	
169	
168	87
167	
166	
165	
164	
163	86
162	
161	
160	85
159	
158	
157	84
156	
155	
154	
153	83
152	
151	
150	
149	
148	82
147	
146	
145	
144	
143	81
142	
141	
140	80
139	
138	
137	79
136	
135	
134	
133	78

Жаксы

132	
131	
130	
129	
128	77
127	
126	
125	
124	
123	76
122	
121	
120	75
119	
118	74
117	
116	
115	73
114	
113	
112	72
111	
110	
109	71
108	
107	70
106	
105	
104	69
103	
102	68
101	
100	67
99	
98	66
97	
96	65
95	
94	64
93	
92	
91	63



90		Қанағаттанарлық
89		
88	62	
87		
86		
85	61	
84	60	
83		
82	59	
81		
80		
79	58	
78		
77		
76	57	
75		
74		
73	56	
72	55	
71		
70	54	
69		
68		
67	53	
66		
65		
64	52	
63		
62		
61	51	
60	50	
0-59	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

1. Дене дайындығы бойынша оқуға түсу емтиханын қабылдау спорттық киім нысанында.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларына  
9-қосымша

## 100 балдық бағалау межелігі бойынша бағаларды ауыстыру жүйесі

100-балдық бағалау межелігі бойынша балдар	4 балдық бағалау межелігі бойынша балдар
95-100	үздік (5)
90-94	
85-89	
80-84	жақсы (4)
75-79	
70-74	
65-69	қанағаттанарлық (3)
60-64	
55-59	
50-54	
0-49	қанағаттанарлықсыз (2)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК